



БҰЙРЫҚ

2025ж 03.04.

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 3-02/240

город Павлодар

**Облыстық инсталляциялар
конкурсын өткізу туралы**

Облыстың кәсіби білім беру саласындағы техникалық шығармашылықты дамытуға ықпал ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жоғары түсті металлургия колледжі базасында 2025 жылғы 13 маусымда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Дәнекерлеу ісі», «Токарлық іс және металл өңдеу», «Слесарлық іс» бағыттары бойынша облыстық инсталляциялар конкурсы өткізілсін.

2. Облыстық инсталляциялар конкурсын өткізу туралы ереже (1-қосымша) бекітілсін.

3. Білім беру басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бойынша оқу-әдістемелік кабинеті (А.Ж. Иманшарипова) мен Жоғары түсті металлургия колледжі (А.А. Мускенов) облыстық инсталляциялар конкурсын өткізу үшін материалдық-техникалық базаны дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары студенттердің облыстық инсталляциялар конкурсына қатысуын ұйымдастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Г.К. Башироваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

С. Айтказина

Бұйрықпен таныстырылды:

Г. Баширова

А. Иманшарипова

А. Мускенов

009632

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім
алушылары арасында «Дәнекерлеу ісі», «Токарлық іс және металл өңдеу»,
«Слесарлық іс» бағыттары бойынша облыстық инсталляциялар
конкурсының
ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Дәнекерлеу ісі», «Токарлық іс және металл өңдеу», «Слесарлық іс» бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Сұңқар қалам, менің Павлодарым» тақырыбы бойынша металдан жасалған инсталляциялар конкурсын (бұдан әрі-Конкурс) өткізудің мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін, қатысушылардың санаттарын, өткізу уақыты мен шарттарын, іс-шаралар тізбесін, ұйымдастырушылар мен күтілетін нәтижелерін айқындайды;

1.2. Конкурс ұйымдастырушылары (бұдан әрі-Ұйымдастырушылар):

- Павлодар облысының білім беру басқармасы;
- «Жоғары түсті металлургия колледжі» ШЖҚ КМК болып табылады;

1.3. Ұйымдастырушылар конкурсты дайындау және өткізу шеңберінде демеушілер мен серіктестерді тартуға құқылы;

1.4. Ұйымдастырушылар қатысушыларды міндетті түрде хабардар ете отырып, Конкурсты дайындауға және өткізуге байланысты барлық мәселелер бойынша осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

2. КОНКУРС МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Конкурс мақсаттары:

- дарынды жастарды анықтау және қолдау, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасау;
- студенттердің, әуесқойлардың, дәнекерлеу, соғу шеберлерінің, металл өңдеу мамандарының кең ауқымын өнерге тарту;
- дәнекерлеу жұмыстарының, көркемдік соғу жұмыстарының үздік шеберлерін анықтау;
- металдан және металл өндірісінің қалдықтарынан жасалған көше сәулеттік және мүсіндік «қоғамдық өнердің» жаңа нысандары мен жанрларын танымал ету;
- металл өңдеу саласындағы шеберлер арасында шығармашылық тәжірибе алмасу;
- шығармашылықтың ерекше түрі ретінде металл мүсіннің оң имиджін қалыптастыру.

3. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1. Конкурсқа қатысушылармен бірге жүретін адамдар жолда және конкурсты өткізу кезеңінде өмірі мен қауіпсіздігі үшін жауапты болады.

3.2. Конкурсты ұйымдастырушы барлық қажетті рәсімдерді ұйымдастыру бөлігінде конкурсты өткізу кезінде тәртіпті, еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігін сақтауға және конкурс регламентін сақтауға толық жауапты болады.

3.3. Қатысушылар мен еріп жүрушілердің жол жүруі, тамақтануы жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.

3.4. Конкурсқа қатысу үшін өтінімді (Ережеге 1-қосымша) **2025 жылғы 5 маусымға дейінгі** мерзімде lizey-7@mail.ru электрондық мекенжайына («инсталляциялар конкурсы» белгісімен) беру қажет.

3.5. **Өтетін күні мен орны: 2025 жылғы 13 маусым, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 162, Д корпусы, «Жоғары түсті металлургия колледжі» ШЖҚ КМК**, байланыс телефондары: 87182 60-65-64.

- Экспонаттарды әкелу және оларды монтаждау **2025 жылғы 12 маусым**.

3.6. Конкурсқа қатысу **тегін**.

3.7. Көрме бағдарламасы

Р/с №	Іс-шара	Өткізу орны	Өткізу уақыты
1	Тіркеу	Д корпусы	9.30-10.00
2	Көрменің ашылуы	Д корпусы	10.00-10.30
3	Конкурс экспозициясының жұмысы	Д корпусы	10.30-13.00
4	Түскі ас	А корпусы, асхана	13.00-14.00
5	Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау	Д корпусы	14.00-15.00

4. КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. Дайын өнім көшедегі «Қоғамдық өнерге» қойылатын талаптарды ескере отырып орындалуы керек (вандалға төзімділік, ауа-райына аз сезімталдық, масштаб, қоршаған ортаға назар аудару). Бұл еркін мүсін, кинетикалық құрылым немесе қондырғы болуы мүмкін.

4.2. Дайын өнімнің өлшемдері: **ұзындығы кемінде-100 см., ені-кемінде 100 см., биіктігі-кемінде 150 см. болуы керек.**

4.3. Дәнекерлеу және өзге де жұмыстарды жүргізу кезінде конкурсқа қатысушыға қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды сақтау қажет.

4.4. Қатысушылар бірнеше жұмысты ұсына алады. Әрбір жұмысқа жеке сауалнама-өтінім (Ережеге 1-қосымша) қоса беріледі.

4.5. Бұрын осы конкурсқа немесе басқа конкурстарға қатысқан инсталляциялар қатысу үшін қабылданбайды.

4.6. Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссияға металдан жасалған дайын бұйымды ұсынуы тиіс. Басқа материалдардың болуына жол беріледі, бірақ басым мөлшерде емес.

5. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Конкурсты дайындау мен өткізуге басшылықты ұйымдастырушылар жүзеге асырады;

- қажетті құжаттаманы әзірлейді;
 - өтінімдерді қабылдау тәртібін айқындайды және жауапты тұлғаларды тағайындайды;
 - конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қабылдайды және тіркейді;
 - дайындық процесінде көмек көрсету мақсатында консультациялық колдауды қамтамасыз етеді;
 - конкурсты өткізу уақыты мен бағдарламасын айқындайды;
 - конкурстық комиссияның құрамын қалыптастырады;
 - конкурсты ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
 - конкурс өткізу туралы материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында дайындауды және жариялауды ұйымдастырады;
 - конкурстың жүлде қорын қалыптастырады;
 - конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімін өткізеді.
- 5.2. Конкурсты ұйымдастырушылар Интернет-ресурстарда, БАҚ-та, түрлі іс-шараларда ақпараттық мақсаттарда орналастыру үшін конкурстық жұмыстар туралы кез келген ақпаратты (фото, видео және т.б.) пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

6. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ

6.1. Конкурс жеңімпаздарын іріктеу және бағалау үшін ұйымдастырушылар Конкурстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады. Оның құрамына дәнекерлеу өндірісі саласындағы білікті мамандар, халық көркемөнер кәсіпшілігі саласындағы мамандар, БАҚ өкілдері, дизайнерлер кіре алады.

6.2. Комиссия конкурсқа қатысушылардың әрқайсысының ұсынылған жұмыстарын бағалайды және жеңімпаздарды анықтайды.

6.3. Дайын бұйымдарды бағалау ведомосіне деректерді енгізе отырып, мынадай өлшемдер бойынша 5 балдық шкала бойынша сараптамалық бағалау әдісімен комиссия бағалайды:

- бұйым көшедегі «қоғамдық өнерге» қойылатын талаптарды ескере отырып орындалуы тиіс (вандалға төзімділік, ауа-райына аз сезімталдық, ауқымдылық) 1-ден 5 балға дейін;
- көркем безендіру (тартымдылық, жарықтық) 1-ден 5 балға дейін;
- өнімнің бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі 1-ден 5 балға дейін;
- дәнекерлеу тігістерінің күрделілігі мен қабаттылығы 1-ден 5 балға дейін;
- өнімде күрделі дәнекерлеу және соғу элементтерін қолдану, әр элемент үшін 1 балл.

Ең көп ұпай жинаған команда немесе қатысушы конкурстың жеңімпазы болып саналады.

6.4. Дауыстар саны тең болған кезде Комиссия төрағасының пікірі шешуші болып табылады.

6.5. Комиссияның шешімі комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

6.6. Комиссия конкурс талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды қарамауға құқылы.

6.7. Комиссия конкурс іс-шараларын техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында конкурсты ұйымдастырушылармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

7. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

7.1. I, II және III орын алған командаларға немесе қатысушыларға жеңімпаздардың дипломдары беріледі.

7.2. Жүлделі орындарға ие болмаған командаларға немесе қатысушыларға қатысканы үшін сертификаттар беріледі.

Облыстық инсталляциялар
конкурсының ережесіне
1-қосымша

Облыстық конкурсқа қатысушының сауалнама-өтінімі

1. Білім беру мекемесінің толық атауы (мекен-жайы)	
2. Білім алушының Т.А.Ә. (толық)	
3. Мамандығы	
4. Басшы (аты-жөні, лауазымы)	
5. Жұмыстың атауы	
6. Номинация атауы	
7. Орналастыру үшін қажетті аудан (ш. м)	
8. Көрме стендін электрмен қамтамасыз ету қажеттілігі (иә / жоқ)	
9. Байланыс мәліметтері (мекен-жайы, телефоны, эл. поштасы)	

Өтінімдер мына lizey-7@mail.ru электрондық мекенжай бойынша **05.06.2025 ж.** дейін қабылданады.

Ескерту: сауалнама-өтінім дайын инсталляциялардың фотоматериалдары ұсынылған жағдайда қабылданады.

Колледж басшысы _____ Т.А.Ә.

Өтінімді толтырған күні: 2025ж. «__» _____

**Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру
комитетінің құрамы**

№	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Иманшарипова Айнур Жумабаевна	Білім беру басқармасы ТЖКБ оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
	Жумадилова Гульмира Амангельдыевна	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинеті меңгерушісінің орынбасары
2	Баймуханова Гульнар Алтаевна	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері
	Жакыбай Әлия Мейрамқызы	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері
3	Мускенов Азамат Абубакирович	«Жоғары түсті металлургия колледжі» ШЖҚ КМК басшысының м.а.
6	Жумабекова Толкын Дуйсенбаевна	«Жоғары түсті металлургия колледжі» ШЖҚ КМК басшысының ОТЖ жөніндегі орынбасары
7	Магзумова Ольга Ивановна	«Жоғары түсті металлургия колледжі» ШЖҚ КМК аға шебері
8	Байгулов Руслан Сапарғалиевич	«Жоғары түсті металлургия колледжі» ШЖҚ КМК шеберхана меңгерушісі
9	Мауытова Светлана Вениаминовна	«Жоғары түсті металлургия колледжі» ШЖҚ КМК әдіскері